



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 ЖЫЛҒЫ « 12 » 10
Ақтөбе қ.

№ 325

« _____ » _____ 20__ года
г. Ақтөбе

Бұйрыққа қосымша «Білім, тәрбие беру ұйымдарының эксперименттік және инновациялық жұмыстарын, қосымша білім беру бағдарламаларын енгізу, жалғастыру, тоқтату, оқу кабинеттерін паспорттау туралы» 17.09.2021 жылғы № 277 бұйрығы

Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары, 2021 жылғы 17 қыркүйектегі №277 бұйрық және Ақтөбе қаласындағы №36 орта мектебінің директоры А.Назиковтың өтініші негізінде

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. №36 орта мектептің «STEM» лабораториясы (Робототехника) кабинеті паспортталсын (2021 жылдың 12 қазан айынан бастап).
2. №36 орта мектептің директоры А.Назиков 2021 жылдың 12 қазан айынан бастап «Кабинеттерді құжаттандыру» ережесіне сәйкес лаборатория меңгерушісіне төлем жасауды жүргізсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау есеп және есеп жүргізу секторының меңгерушісі Е.Сапароваға жүктелсін.

«Ақтөбе қаласы
білім бөлімі» ММ басшысы

М.Косымбаева

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«№36 қазақ орта мектебі»
коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
№ 505
« 11 » 10 20 21 ж.

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің
басшысы М.О.Қосымбаеваға
«№36 қазақ орта мектебі» КММ
директоры А.С. Назиковтен

СҰРАНЫС


2021 жылдың қазан айында мектептің материалдық базасы жаңа үлгідегі «STEM» лабораториясы жабдықтарымен / «Робототехника» / 8 398 374 млн.тг / қамтамасыз етілуіне байланысты «Кабинеттерді құжаттандыру Ережесіне» сәйкес 2021-2022 оқу жылында төмендегі оқу кабинетін паспорттауға сұраныс жасайды.

№	Кабинет аты	Кабинет нөмірі	Құжаттау себебі	Құжаттау мерзімі	Кабинет меңгерушісі
1	«STEM» лабораториясы (Робототехника)	№18	интерактивті панель Roqed , Lego Education SPIKE, Arduino роботтар жинағы	2021-2024	А.Денгилбаева

Мектеп директоры:  А.Назиков




№36 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ



№18 «STEM ЛАБОРАТОРИЯСЫ» (РОБОТОТЕХНИКА) КАБИНЕТІНІҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Кабинет меңгерушісі: Денгилбаева Айнур Усеновна

Ақтөбе қаласы
2021-2024 оқу жылы



№18 «STEM лабораториясы» (робототехника) кабинетінің орналасу сұлбасы

2021-2024 оқу жылындағы №18 «STEM лабораториясы» (робототехника) кабинетінің оқу дайындығы туралы
АКТ

Біздер комиссия құрамы

Мектеп директоры	А.С.Назиков
Қалалық ғылыми-әдістемелік орталықтың әдіскері	Н.А.Қолғанатова
Директордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары	Н.С.Бокаева
Шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	Т.Т.Башпаева
Кәсіподақ төрайымы	А.С.Оразымбетова
№18 кабинетінің меңгерушісі	А.У.Денгилбаева

№18 «STEM лабораториясы» (робототехника) кабинеті санитарлық техникалық нормаға сай жасакталған. Қауіпсіздік техникалық ережелері сақталған. Алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге арналған қорапша, өрт сөндіргіш құралы бар. Әдістемелік оқулықтар, басылым беттері, стендтер, негізгі құралдармен жабдықталған.

Кабинетте 2021 жылғы Roqed интерактивті панель, 1 моноблок, 3 ноутбук, 5 Arduino, 3 Lego Education SPIKE роботтар жинақтарымен және 3 Lego Education SPIKE Prime қосалқы бөлшектерімен жабдықталған. Оқу стандартына сәйкес лицензиялы программалар қондырылған. Кабинет таза, жарық, кең, терезелеріне артық күн сәулесінен қорғайтын жалюзи қондырылған.

Қолдары



	А.С.Назиков
	Н.А.Қолғанатова
	Н.С.Бокаева
	Т.Т.Башпаева
	А.С.Оразымбетова
	А.У.Денгилбаева

Бекітемін
Мектеп директоры *Алеазу* А.С.Назиков



**№18 «STEM лабораториясы» кабинетінің
2021-2024 оқу жылдарына арналған даму жоспары**

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1.	Кабинеттің төлқұжатын жасақтау	2021-2022	А.У.Денгилбаева
2.	Ноутбуктерге LEGO Education SPIKE программаларын орнату		А.У.Денгилбаева
3.	LEGO Education SPIKE Prime – роботтары бойынша оқушыларға робот құрастыруға практикалық тапсырмалар құрастыру		А.У.Денгилбаева
4.	Қалалық, облыстық, республикалық түрлі іс-шараларға оқушылармен дайындық жұмыстарын жүргізуді жоспарлау		А.У.Денгилбаева
5.	Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын жинақтау		А.У.Денгилбаева
6.	Кабинеттің оқу-материалдық қорын жаңарту (тесттер, үзіктер, практикалық жұмыстар т.б)		А.У.Денгилбаева
7.	Arduino, LEGO Education SPIKE роботтар жинағы бойынша практикалық тапсырмаларды толықтыру	2022-2023	А.У.Денгилбаева
8.	Оқу стандартына сай оқыту бағдарламаларын орнату		А.У.Денгилбаева
9.	Мектепшілік апталықтарда кластан тыс шара ұйымдастыру		А.У.Денгилбаева
10.	КҒА-на оқушылар жұмысын таңдау, толықтыру жүргізу		А.У.Денгилбаева
11.	Роботтар санын көбейту		А.У.Денгилбаева
12.	Пәндік олимпиадаға дайындық жүргізу мақсатында пәнге бейім оқушыларды анықтау	А.У.Денгилбаева	
13.	Роботтар жарысын ұйымдастыру	2023-2024	А.У.Денгилбаева
14.	Желілік байланыс жылдамдығын арттыруды жүзеге асыру		А.У.Денгилбаева
15.	Кабинетке жөндеу жұмыстарын жасау, жылдық жұмысқа талдау жүргізу		А.У.Денгилбаева
16.	Оқушылардың жетістіктерін стендке жинақтау		А.У.Денгилбаева

**№18 «STEM ЛАБОРАТОРИЯСЫ» (РОБОТОТЕХНИКА)
КАБИНЕТІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАР МЕН МҮЛІКТЕР ТІЗІМІ**

№	ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАР МЕН МҮЛІКТЕР АТАУЫ	САНЫ
1.	Моноблок	1
2.	Ноутбук	3
3.	Тінтуір	1
4.	Интерактивная панель Roged	1
5.	Сетевой фильтр TRIPP LITE GR16-1379T	1
6.	Источник бесперебойного питания	1
7.	МФУ HP LaserJet M130A принтер	1
8.	Парта	3
9.	Орындық	16
10.	Стол для робототехники	1
11.	Комбинированный шкаф стол	1
12.	Мұғалім столы 1400*650*750	1
13.	Мұғалім орындығы	1
14.	Полка	2
15.	Arduino – роботтар жинақтары	5
16.	Lego Education SPIKE роботтар жинақтары	3
17.	Lego Education SPIKE Prime қосалқы бөлшектері	3
18.	Жылыту батареясы	4
19.	Су құятын шелек	1
20.	Қоқыс салатын шелек	1
21.	Өрт сөндіргіш құрал	1
22.	Гүлдер	7
23.	Терезе жалюзі	3
24.	Қол жуатын	1

Мектеп директоры



А.Назиков



Кабинет менгерушісі



А.Денгилбаева



№18 «СТЕМ ЛАБОРАТОРИЯСЫ» (РОБОТОТЕХНИКА) КАБИНЕТИ



ОҚУ КАБИНЕТІН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУІШ ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ



ОҚУ КАБИНЕТІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕСІ

1. Оқу кабинетін сабақтың басталуынан 15 минут бұрын ашу керек.
2. Оқушылар кабинетте оқушылар тек қана ауыстырылған аяқ киімде болуы қажет.
3. Оқушылар кабинетте мұғаліммен бірге болуы қажет.
4. Кабинеттің ауасын әр үзілісте желдетіп алу керек.
5. Мұғалім сабақтан соң кабинетте тазалық жүргізуді ұйымдастырып отыруы керек.

Оқу кабинетінің оқу жылында (келешекте) жасалатын жұмыс жоспарына қойылатын талаптар

1. Кабинет жоспары кабинетке жауап беретін пән мұғалімімен кабинеттің қызметіне сәйкес жасалынады.
2. Бірінші бөлім – кабинеттің өткен жылғы жұмысына талдау жасау.
3. Екінші бөлім – жаңа оқу жылының міндеттерін, тақырыптық жоспарларды, дидактикалық құралдарды жанарту, тірек конспектісін жасау, диагностикалық карта, сызба, бейне фильмдерді алу, кестелер және оқу-әдістемелік құралдар мектеп бағдарламасындағы білімге сай болуы керек.
4. Үшінші бөлім – кабинеттің жұмыс уақыты (сабақтар, қосымша сабақтар, факультативтер).

Оқу кабинетіне қойылатын талаптар

1. Кабинеттің құжаты бойынша талапқа сай жабдықталған мүліктер мен техникалық құралдар, көрнекі құралдар, оқулықтар, әдістемелік-дидактикалық құралдар.
2. Оқу жылында (келешекте) жасалатын кабинеттің жұмыс жоспары.
3. Оқу кабинетінде техникалық қауіпсіздік және тазалық ережесін сақтау.
4. Оқу кабинетін безендіргенде эстетикалық талапқа сай ауыстырылатын, ауыстырылмайтын сабақ-хабарлама стендтері, қажетті жабдықтар, тағы басқа құралдар болу керек.
5. Кабинеттегі оқу жабдықтары, оқу-әдістемелік құралдары мектептегі оқу жоспарын орындау үшін қажет.
6. Оқу-әдістемелік және оқыту құралдары жиынтығы кабинеттің түріне, білім стандартының талабына, оқыту жоспарына сәйкес болу қажет.
7. Дидактикалық құралдар жиынтығы, тесттер, бақылау жұмыстары, шығармалар, эссе, әңгімелер және басқалары болу керек. Білім сапасын және оқу жүйесін тексеретін жиынтықтар (кабинеттің түріне қарай).
8. Мектептің оқыту жоспарына сәйкес оқулықтарымен үлестірілген материалдарымен қамтамасыз ету.
9. Негізгі білімді ашық және көрнекті түрде оқытуға жеткізу. Сонымен қатар қажетті деңгейдегі дайындықты талап ету (білім стандарттарына сәйкес).
10. Оқушыларға ашық және көрнекті үлгіде білім стандарттарының орындалуын талап ету.

11. Базалық және дамыған білім берудің стандарттық деңгейдегі талаптарының диагностикалық орындау үшін типтік тапсырмалар, тесттер, эссе, бақылау жұмыстары және тағы сол сияқты жұмыстармен оқушыларды қамтамасыз ету.
12. Оқу кабинетінің қабырғалық материалдары: оқушыларға оқу ісін жобалау үшін кепілдемелер, қоғамдық пікірлер мен дағдыларын дамыту бағдарламасын орындау, үй жұмысын орындау және ұйымдастыру, әр түрлі оқу, танымдық істерге дайындық (семинар, зертханалық жұмыстар, тесттер, сынақтар, коллоквиум, әңгімелесу, емтихан).
13. Оқушылардың білім беру стандарттының орындау нәтижесінің экраны.
14. Міндетті бағдарлама, факультативтік тапсырмалар, қосымша білім беру бағдарламасы, үлгермеушілермен жеке жұмыстар, дарынды балалармен жұмыс жүргізуі бойынша оқу кабинетінің жұмыс кестесі.

ОҚУ КАБИНЕТІНЕ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

1. Оқу кабинетінің паспорты.
2. Кабинетте бар жабдықтардың мәліметтік тізімі.
3. Оқу кабинетіндегі техникалық қауіпсіздік ережелері.
4. Оқушылардың кабинетті пайдалану ережесі. Оқу кабинетінің кестесі.
5. Мектеп әкімшілігінің оқу кабинетін қабылдау актісі.
6. Оқу кабинетінің оқу жылында және келешекте істелінетін жұмыс жоспары.

ЕСЕПТЕУШІ ТЕХНИКА КАБИНЕТІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы техника қауіпсіздігің ережелеріне қойылатын талаптар төмендегідей:

- Компьютерді тоққа қосатын сымдарға, қос тілді розеткілерге, штеккелерге тиісуге және жабдықтарды мұғалімнің рұқсатынсыз жылжытуға тыйым салынады;
- Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығуға және кіруге болмайды;
- Дербес компьютерде суланған қолмен және дымқыл киіммен жұмыс істеуге болмайды;
- Дербес компьютердің жанына портфельдер, сумкалар, кітаптар қоюға тыйым салынады. Үстелде қалам мен дәптер ғана болуы тиіс;
- Пернелік тақта үстіне артық заттар қоюға болмайды;
- Компьютерлік сыныпта жүгіруге, ойнауға, жанындағы құрбыларын алаңдатуға, бөгде жұмыстармен шұғылдануға тыйым салынады.

2. Дербес компьютерде жұмыс жасау алдындағы қауіпсіздік ережесінің талаптары.

- Дербес компьютерді іске қосу кезінде оның сыртқы қорабының дұрыс жұмыс жасап тұрғандығына және сымдарының қатесіз жалғанғанына көз жеткізу керек;
- Жұмыс жасау кезінде сымдардың дұрыс жалғанғанына ерекше бөлінуі керек.

3. Оқушының дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігінің ережесіне қойылатын талаптар:

- ЭЕМ-мен жұмыс жасау кезінде көзді экраннан 60-70 см қашықтықта ұстау керек;
- Сыныпқа кірушілермен орнынан тұрмай амандасуға рұқсат етіледі;
- Көзі шаршаған жағдайда орнынан тұрмай-ақ, көз жаттығуын орындауға болады;
- Электр тоғымен зақымданған алғашқы дәрігерлік көмек көрсету тәсілдерін, от сөндіру құралдарымен жұмыс істеуді және өрт сөндіру тәсілдерін білуі қажет.

4. Апаттық жағдайдағы техника қауіпсіздігінің ережелеріне қойылатын талаптар:

- Жұмыс жасап отырған кезде дербес компьютерден ақау табылса, күйік иісі шықса немесе өзгеше дыбыс пайда болса, онда машинамен жұмысты тоқтатып, мұғалімге хабарлау керек;
- Өт сөндіруде көмек көрсету қажет;
- Электр тоғымен зақымданған адамға алғашқы көмек көрсетуді білуі керек;
- Компьютерлік сыныпта өртті сумен сөндіруге болмайтындығын білуі қажет. Оған құм және т.б. өрт сөндіргіш құрал-жабдықтарын пайдалануға болады;

- Электр тоғының әсерімен зақымданған адамды су қолмен ұстауға болмайтындығын білу қажет. Оны әр түрлі материалдарды (электр тоғы сымынан басқа) пайдалану арқылы босатып алуға болады.
- 5. Дербес компьютермен жұмысты аяқтаған кездегі техника қауіпсіздігі ережесінің талаптары:*
- Мұғалімнің нұсқауы бойынша апаратты өшіру;
 - Жұмыс орнын ретке келтіру;

Электр тоғымен зақымданған жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсету

1. Токты өшіру (щиттағы батырманы басу арқылы);
2. Зақымданушыны ток әсерінен (сымнан) босату;
3. Дәрігер шақыру;
4. Зақымданушыны қарап шығып, оған алған жарақатына
5. байланысты көмек көрсету.

I. Күйген жағдайда:

1. Ауырғанда сездірмейтін дәрілер (аналгин, валерьян және т.б.) беру;
2. Күйген жерге арнайы май (облепиха) жағу ;
3. Зақымданған жерге суық су құю;
4. Алдын-ала жараланған жерді , микроптар түспес үшін мөлдір жұқа қағазбен (целлофанмен) орау.

II. Есінен танып қалған жағдайда:

1. Зақымданушы жауырынымен тегіс жерге жатқызып, басын бір жағына қаратып, қырымен орналастыру керек;
2. Нашатыр спиртін иіскету керек.

III. Тыныс алысы тоқтаған жағдайда:

1. Ауызды ашып тілдің орналасу жағдайын тексерту керек, егер ол күрмеліп қалса оны қолмен дұрыс қалпына керек ;
2. Дем алыс жағдайына келгенге дейін, қолмен дем алдыру (ауызбен ауызға) немесе дәрігер келгенге дейін жаттығулар жасату.

Шаршағандағы қолданылатын жаттығулар

1. Бас жаттығуларын жасау:
2. Басты сағат тілі және керісінше бұрып айналдыру;
3. Басты жан – жаққа, жоғары-төмен, оңға – солға бұру.
4. Саусақтарды жұмып – ашу және қолдың білезігін босаңсыту.
5. Денені босаңсытып және оны кетіріп ширықтыру.
6. Көз жаттығуларын жасау:

Көзге арналған жаттығулар

1. 1-4-ке дейін санап көзді қатты жұмып, сонан кейін ашып, жайбарақат ұстап,

2. 1-6-ға дейін санай отырып, алысқа қарау қажет. 4-5 рет қайталау қажет
3. 1-4-ке дейін санай отырып, екі көзді оларға қатты күш салмай, бір-біріне қаратып, соңында 1-6-ға дейін санай отырып алысқа қарап, 4-5 рет қайталау керек.
4. 1-4-ке дейін санап, басты қозғамай, оңға қарап бір нүктеге көз тоқтату, соңында 1-6-ға дейін санап, алысқа қарау. Осы тәрізді басты қозғамай, солға, жоғары, төмен қарау керек.
5. 1-6-ға дейін санай отырып, көзқарасты диагонали бойынша: оң жақ жоғарыдан – сол жақ төменге аударып, сонан соң алысқа қарау; сонан соң сол жақ жоғарыдан-оң жақ төменге аударып, алысқа қарау. 4-5 рет қайталау. Көз гимнастикасын орындау кезінде жалпы дене гимнастикасын да жасауға болады. Тұрақты түрде көз және жалпы дене гимнастикасын жасау көзге түскен қысымды жеңілдетіп, денені сергітеді.